

ҚЫЗЫЛЖАРМА:

тарихы терең,
болашағы
жарқын ауыл



Жолға шыққан сәттен-ақ Сырдың самал желі есті. Бұл сапардағы басты бағытым Қызылорда қаласына іргелес жатқан Қызылжарма ауылы болды. Темір тұлпармен желдіріп отырып аз уақыттың ішінде ауылға кіріп келдік. Кірген бойда жаңарған көшелер мен балалар ойнап жүрген алаң көзіме түсті.

3-БЕТТЕ

АҚСУАТ:

ЕҢБЕКПЕН ӨСКЕН АУЫЛ



Көліктер ағылып жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолының бойында, Қызылорданың іргесінде Ақсуат елді мекені бар. Бір жағы қалаға таяу, бір жағы кең жазираға ұласқан бұл ауылда күнделікті тіршілік өз арнасымен жүріп жатыр. Таң қылаң бере қорадан малдың дауысы мен егін басындағы еңбектің дүбірі естіледі. Мұндағы әр үйдің төрінде адал еңбек пен маңдай тердің иісі сезіледі. Жер-Ананы баптап, қуаң даланы жасылға орап отырған тұрғындардың тіршілігі бір шеті қала өркениетімен, бір шеті ата кәсібімен өрілгендей. Уақытпен бірге жаңарып, дәстүрмен бірге тамырын тереңге жайып, еңбекпен өрілген өмірді көру үшін Ақсуатқа арнайы жол тарттық.

Бүгінгі ажарлы ауылдың бастауында бірлік пен тірлікті ту еткен елдің қайраты жатыр. Өуелде аз ғана шаңырақ қоныс тепкен бұл өңірде жер жыртылып, дән себілді, мал басы көбейді. Күннің ыстығына күйіп, суығына тонса да, ауыл адамдары еңбек етіп, жердің ризығын молайтты. Алғашқыда бірнеше шағын шаруашылық болды. Біртіндеп олар іргелі ұжымдарға бірікті. Мұның артында елді асырау, тұрмысты түзеу, болашаққа жол ашу мақсаты тұрды. Уақыт өткен сайын Ақсуаттың аты алысқа жайылды. Бүгінде бұл мекен – қала мен даланың тоғысқан тұсында тамырын тереңге жайған құтты қоныс. Қазіргі таңда халық саны 11 мыңнан асқан. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып, қоныс кеңейіп келеді.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

19 тамыз
сейсенбі
№62 (2175)
2025 жыл

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: ҚАНША ҚАРАЖАТ КЕРЕК?

Санаулы күннен соң жаңа оқу жылы басталады. Қазір ата-аналар үшін қарбалас уақыт. Осы айда қалың жұрт балаларын ертіп, базарға барып, мектеп формасын дайындап жүр.

Қымбатшылық қалтаны қысып тұр. Азық-түлікпен қатар күннен-күнге оқу құралдары мен мектеп формасының бағасы өсіп жатыр.

Мемлекет жасаған мүмкіндік

«Жалпыға бірдей білім беру» қоры сайын мыңдаған баланың оқу жылына дайындалуына жағдай жасап келеді. Биыл бұл мақсатқа өткен жылғыдан қыруар қаржы бөлінген. Атап айтқанда, осы жылы 500 мыңнан астам балаға қолдау көрсетіледі деп жоспарланған, — деп хабарлады Оқу-ағарту министрлігі.

Қор дәстүрлі түрде жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ аз қамтылған және атаулы көмек алатын отбасы балаларына жәрдемдеседі. Сонымен қатар өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар да назардан тыс қалмайды. Көмек тамыз айынан бастап әр аймақта ата-аналардың есепшотына аударылады. Бұл қаржыға балаларға мектеп формасын, кенсе тауарларын өздері таңдауға мүмкіндік береді. Биыл бір балаға берілетін ең төменгі сома көлемі 46 228 теңге болып белгіленген.

Базар бағасын бағамдап қайттық

Қымбатшылық қалтаны қысып тұрғанда бағасы мен сапасы үйлесетін киім-кешек



Сурет ашық дереккөзден алынды

пен құрал-жабдықтарды түгендеу оңай емес. Бір баланы мектепке киіндіру мен қажетті заттарын алу үшін қанша теңге керек? Бір отбасында балаларын киіндіру үшін қанша қаражат қажет? Базар бағасын бағамдап қайттық.

Қазір барлық мектепке бірдей форма енгізілген жоқ. Бірқатар мектептер ақ жейде мен кара немесе көк белдемшені таңдаған. Базарда қыздарға арналған ақ жейде бағасы 3500 теңгеден басталып, 10 000 теңгеге дейін барады. Қымбатын алам дейтіндерге одан

да қымбат бағада бар. Ұлдардың ақ жейдесі де осы шамалас. Белдемше ескі базар аумағында 4500-8000 теңге аралығында болса, сапалысы жеке дүкендерде 10000-14000 теңгеге дейін барады. Жай базардың өзінде түріктің ақ жейдесі қымбатқа сатылып жатыр. Қыздардың спорттық киімінің арзаны — 10 мың, сапалысы — 25 мың теңге, ал ер балалардың костюм-шалбары 15 мың теңгеден жоғары.

Қымбатшылықты сатушылар да мойындайды. Тауар көбіне Қырғызстан,

Қытай, Түркиядан келеді. Бүгінде орташа бағадағы Қырғыз елінің киімдеріне сұраныс көп. Ал Түркия киімдерін тек қалтасы көтеретіндер алады.

Ата-аналар ең болмаса баласының сапалы аяқ киім кигенін қалайды. Күнделікті киетін туфли, спорттық аяқ киімдер сапалы болғаны жөн. Дегенмен олардың да ең арзаны 7-8 мыңнан басталады. Ал сапалысы қалтаға әжептәуір салмақ. Бағасы 20 мыңнан асып түседі.

4-БЕТТЕ

■ ЕҢБЕК АДАМЫ

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН



Әр дәуірдің өз қаһарманы бар. Ал бүгінгі күннің басты қаһарманы — еңбек адамдары. Елімізде биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануы осы еңбектің қадірін айқындап, елдің дамуына тікелей үлес қосып жүрген мамандарға көрсетілген құрмет. Шын мәнінде экономика мен өндіріс саласының іргетасы жұмысшы маманның қолында. Солардың ішінде темірден түйін түйген дәнекерлеушінің еңбегі ерекше.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Осындай жауапты істі серік еткен жанның бірі — Жандос Бисенбаев. Ол 2008 жылдан бері дәнекерлеуші болып еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда «Қыран» ЖШС мекемесінде дәнекерлеуші.

Дәнекерлеуші ең алдымен бірнеше маңызды дағдыны меңгеруі қажет. Ең әуелі — зейін мен дәлдік. Өйткені бұл мамандық қателікті көтермейді. Сондай-ақ физикалық төзімділік пен қолдың ептілігі қажет. Дәнекерлеу аппаратын, электродты, техникалық сызбаны жетік білген маман ғана сапалы жұмыс істей алады. Қауіпсіздік техникасын қатаң ұстану басты талап, — дейді дәнекерлеуші Жандос Бисенбайұлы.

Оның айтуынша, дәнекерлеушінің жұмысы күн сайын сынақпен тең. Кейде аптап ыстықта ашық далада, кейде қақаған аязда еңбек етуге тура келеді. Ал өндіріс орнындағы жағдай мүлде бөлек. Жоғары температурада жүріп жұмыс істеу, төзімділік пен қажырлы еңбекті талап етеді.

Жұмысшымыздың ерекшелігі сол, кейде ашық алаңда, кейде жабық өндіріс орнында еңбек етеміз. Арнайы қорғаныш құралдарынсыз қадам баспаймыз. Бетқалқа, қолғап, арнайы киім болуы міндетті. Себебі бұл жұмыс денсаулыққа айтарлықтай салмақ түсіреді, — дейді ол.

Көзге көрінбейтін бұл мамандықтың арқасында талай құрылыс бой көтеріп, қаншама өндіріс тоқтаусыз жұмыс істеп тұрғаны мәлім. Әңгіме арасында ол сол жақ жағалауда еңсесін тіктеген облыстық тарихи өлкетану мұражайының құрылысына да өзінің қолтаңбасын қалдырғанын айтты. Төзім мен қажырлықты сынайтын бұл мамандық кез келгеннің қолынан келе бермейді.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асуда. Жобаның басты мақсаты — еліміздің барлық өңіріндегі балаларға тұратын жеріне қарамастан сапалы білім алуға тең мүмкіндік жасау.

№15 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ КӨШЕДІ

НЕМЕСЕ «КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» ҚАНДАЙ?



Облыс орталығында жас ұрпаққа қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру мақсатында бірқатар жұмыс атқарылып, Соның нәтижесінде Арай №3 шағын ауданынан 1500 орындық «Келешек мектебі» салынды. Бұл мектепке қаламыздағы Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицей көшіріледі деп шешім қабылданған.

Мектеп-лицейдің бұрынғы ғимараты 1974 жылы салынған. Балалар ауруханасы болған бұл ғимарат 2000 жылы мектеп болған. Осы күнге дейін кабинет тапшылығы сезіліп келді, спорт зал, акт залы жоқ. Асхана мен кітапхана ыңғайластырылып

жасалған. Осының барлығын ескеріп, Арай №3 шағын ауданынан ашылатын «Келешек мектебіне» ауыстыру туралы шешім қабылданды. Бұл аумақта тұрғындар көп шоғырланған. Жақын жердегі тұрғындар мектепке құжаттарын тапсырып қойды. Ал бұрынғы өзіміздің оқушылар үшін қатынау мәселесі реттеледі. 25-тамызға дейін мектепке қабылдау жүргізіледі. Жаңа оқу жылынан бастап сабақты «Келешек мектебінде» оқиды, — деді Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейінің директоры Кабира Тілеуова.

4-БЕТТЕ

ТҰРАҚТЫ КЕҢЕСТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қалада күн сайын бой көтерген жаңа ғимараттар, жаңарған көшелер мен әлеуметтік нысандар – өңірдің қарқынды дамуының айқын дәлелі. Бұл тек қала келбетінің өзгеруі ғана емес, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттары қаладағы бірқатар нысандарды аралап, жағдайымен танысты.

Депуттар ең алдымен Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейге барды. 1974 жылы салынған бұл ғимарат 2000-2001 оқу жылында мектеп есебінде пайдалануға берілгенге дейін балалар ауруханасы болған. Жобалық қуаты – 480 орын, алайда бүгінде екі ауысымда 709 оқушы білім алуда. Соңғы жылдары мектепке тек ішінара жөндеу жүргізілген. Мәселен, 2011 жылы жылу жүйесі, 2012 жылы жарық жүйесі жаңартылған. Биыл облыстық бюджеттен 157 млн теңге бөлініп, күрделі жөндеу басталды. Мердігер – «N Строй сервис» ЖШС.

– Биыл №15 мектеп-лицей «Арай» шағын ауданындағы «Келешек мектебіне» көшеді. Бұрынғы ғимарат жөндеуден өткен соң №3 ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің қосымша корпусына берілді. Екі мектепке де сұраныс жоғары. Жөндеу жұмысы 15 тамызға дейін аяқталмақ, – деді қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев.

Депутаттар бұдан кейін Н. Илиясов атындағы №9 мектеп-гимназияға ат басын бұрды. 1983 жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген бұл нысанда бүгінде 1500-ден астам бала оқиды. Биыл

облыстық бюджеттен 449 млн теңге бөлініп, мердігер «Қызылорда Траст» жөндеу жүргізуде.

– Мектепті заманауи стандарттарға сай етіп жасау – басты мақсат. Жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылар мен мұғалімдер жаңарған ғимаратта оқуын жалғастырады, – деді мәслихат төрағасы И. Құттықожаев.

Облыс орталығында соңғы жылдары «Жайлы мектеп» жобасы аясында ауқымды жұмыс атқарылуда. Биыл «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық орталығы, жаңа «Оқушылар сарайы» бой көтерді. Сонымен қатар теннис орталығы ашылып, спорт инфрақұрылымы кеңейіп келеді.

Бұл бастамалар тек білім саласын ғана емес, өңірдің мәдени және спорттық әлеуетін де арттыруға ықпал етпек. Мұнан соң халық қалаулылары қалалық полиция басқармасының жедел басқару орталығына барды. Қазір мұнда 1400 бейнебақылау камерасы, 20 «зияткерлік қиылыс», 58 жылдамдық өлшегіш құрылғы және жасанды интеллект негізіндегі бейнеаналитика жүйесі жұмыс істейді. Орталық ғимараты толық жаңартылып, бейнекабьрга, 15 автоматтандырылған жұмыс орны мен



заманауи жиһаз орнатылған. Енді тәртіп пен қауіпсіздік заманауи технология қолында болмақ.

– Қала орталығында 272, аудандарда 539 камера орнатылған. Камералар тәртіп бұзушылықты тез анықтап, дер кезінде шара қолдануға мүмкіндік береді. Жыл басынан бері 1 млрд теңгеден астам айыппұл өндірілді, – деді қалалық полиция басқармасының ақпараттандыру және байланыс бөлімінің басшысы Алмат Жүнісов.

Мұнан соң қалалық мәслихатта тұрақты кеңес өтіп, экономика, кәсіпкерлік, әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, жер және экология мәселелері талқыланды. Тұрақты кеңесте 5 негізгі мәселе талқыланды. Жастар саясатын жүзеге асыру және олардың құқықтарын қорғау, мектептердің

жаңа оқу жылына дайындығы, жол қауіпсіздігі, тұрғын үй құрылысының сапасы, жер учаскелерін пайдалану – жайлы талқыланды.

Қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаевтың айтуынша, қала халқының 103 мыңнан астамы – жастар. Биыл жастар саясатын жүзеге асыруға 19,3 млн теңге бөлініп, 8 әлеуметтік жоба іске асқан. «Qosy» жастар ресурстық орталығы алты айда 2988 жасқа қызмет көрсетіп, 106 іс-шара өткізген.

– Басты мәселе – арнаулы білімі жоқ, оқуға түспеген және жұмыссыз жүрген жастар санының артуы. Бұл мәселені шешу үшін жұмыс беру жәрменкелері мен семинарлар ай сайын өткізіліп жатыр, – дейді ол.

2024-2025 оқу жылында өңірдегі мектептерде 68 892 оқушы білім алса,

мектепке дейінгі ұйымдарда 20 442 бала тәрбиеленген. Қалалық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қ.Өбдіқадыровтың айтуынша, биылғы түлектердің арасында 3 249 шәкірттің 214-і «Алтын белгіге», 324-і үздік аттестатқа ие болды. Ұлттық бірінғай тестілеудің орташа балл көрсеткіші 79,4 болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында қалада жаңа білім ордалары бой көтеруде. Биыл 900 және 600 орындық мектептер пайдалануға беріліп, Қызылжарма ауылында 600, ал «Арай» және «СПМК» аудандарында 1500 орындық мектептердің құрылысы жалғасуда. Қазіргі таңда №9 және №15 мектептерде күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде, ал 2026 жылы №138 мектеп толық жаңартылмақ.

Сонымен қатар ата-аналар мен жергілікті қауымдастықтан көптеген

ұсыныс түсті. Ең көп талқыланған мәселелердің бірі – аймақта балалардың жазғы лагерге баруына мүмкіндік жасалмауында. Қалалық білім бөлімі бұл мәселені шешуге уәде берді.

Тұрақты кеңесте қаладағы құрылыс барысы талқыланды. 2023 жылы 470 пәтерлі 10 үй пайдалануға берілсе, 2024 жылы 504 пәтерлі 6 үйдің құрылысы аяқталды. 2025 жылы көпбалалы және әлеуметтік осал топтарға 1397 пәтер, ипотекалық үйлер кезегіндегі отбасыларға 900 пәтер беру жоспарланып отыр. Дегенмен тұрғындар арасында пәтер сапасына қатысты сұрақтар туындауда. Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы А.Әнуар алдағы уақытта мұндай келеңсіздіктер болмайтынын жеткізді.

Жер учаскелерін табыстау мәселесі де депутаттар назарынан тыс қалмады. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларды дамыту мақсатында жер учаскелерін электронды форматта Gosreestr.kz сауда алаңында аукцион арқылы беру жүргізілуде. 2025 жылы 17 жер учаскесі саудаға ұсынылып, оның 14-і бойынша келісімшарт жасалып, бюджетке 85,2 млн теңге көлемінде қаржы түсті.

– Бүгінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер алуға кезекте 71 099 азамат тіркелген, оның ішінде 2005 жылдан бері кезекте тұрған 2 387 адам бар. Халықтың сұранысына сәйкес «Бөйтерек» тұрғын ауданынан көлемі 150 гектарды қамтитын, 3 150 жер учаскесін табыстау жоспарлануда, – дейді қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы М. Әжібеков.

Айдана БАХТИЯР

АҚСУАТ: ЕҢБЕКПЕН ӨСКЕН АУЫЛ

Атқарылған іс айқын, алда ауқымды жоспар бар

Инфрақұрылымды дамыту мақсатында өткен жылы басталған 32 көшеге электр желісін тарту жұмыстары биыл да өз жалғасын тапқан. Қоғамдық көліктер қатынайтын негізгі көшелердегі жол жөндеуде. 1,2 шақырым болатын үш көшеге жарық орнатылған. Сонымен бірге биыл 18 көше де жол салу, 4 көшені қайта жаңғырту жоспарланып отырғанын алға тартты ауыл әкімі.

– Қазіргі таңда ұзындығы 1,22 шақырымды құрайтын А.Арысбаев, Орманбаевтар және О.Жақенов көшелеріне жарық бағанасы орнатылды. Бұл – тұрғындарымыздың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін жасалған маңызды қадам. Алдағы уақытта тағы 7 көшеге жарық шамын орнату жоспарланып отыр. Қазір осы бағытта «қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімі арқылы мемлекеттік конкурсе жариялауға дайындық жүргізілуде. Біздің мақсат – ауыл көшелерінің барлығын да жарық, қауіпсіз әрі көрікті ету, – деді ауыл әкімі.

– Ақсуат – тек аты ғана әсем емес, ісі де ілгері, берекесі мол мекен. Біз үшін әрбір көше, әрбір шаңырақ – туған үйдің бір бөлмесіндей қымбат. Жарты жыл ішінде ауылымыздың көркі мен тұрмысы жақсару жолында аянбай еңбек еттік. Жөнделген жолдар, жаңарған әлеуметтік нысандар тұрғындарымыздың еңбегінің, бірлігінің айқын жемісі. Біз біріксек,

Басы 1-бетте



алынбайтын асу жоқ. Алдағы уақытта да ауылымыздың абыройын асырып, болашағын нұрландыратын істерді қолға аламыз, – дейді ауыл әкімі Нұрболат Бакытұлы.

Еңбектің қадірін білген елдің берекесі тасиды

– Кәсіпкерлікті дамыту – экономиканың тірегі. Жарты жылда 11 кәсіпкер несие алды. Соның ішінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 8 кәсіпкер жеңілдетілген несиеге қол жеткізуі. Ал «Бастау Бизнес» курсынан оқыған 10 азамат 28,3 миллион теңгенің мемлекеттік грантын иеленді, – дейді ауыл әкімі.

Иә, маңдай тері мен табанды еңбегі әр көшеден, әр қадамнан сезіледі. Ақсуатта кәсіптің түр-түрін дөңгелетіп отырған азаматтар аз емес. Бірі жиһаз жасаса, бірі егін егіп, мал баққанды кәсіп еткен. Ал енді бірі сауда мен қызмет көрсету саласында өркен жайып, ауылдың дамуына өз үлесін қосып келеді.

– Ауылда 30-дан астам азық-түлік, 4 құрылыс заттары дүкені тұрақты жұмыс істеп тұр. Бұған қоса, монша, шаштараз, түрлі қызмет көрсету орындары ауыл тұрғындарына күнделікті қолайлы жағдай жасап отыр. Әр кәсіпкердің еңбегі ауылдың көркеюіне қосылған үлес. Біз үшін бұл мақтаныш, ал болашақта бұл көрсеткіштерді одан әрі арттыруға ниеттіміз, – деді ауыл әкімі Н.Бакытұлы.

Былтыр ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодалізі бойындағы ауылдық округтің батыс қақпасынан

кіреберіс Н.Төребаев көшесінің бойына екі қатар болып, ұзындығы шамамен 500 метр жерге 500 түп ағаш көшеті отырғызылып, қорша жұмысы жүргізілген. Ал биыл бұл бастама ауылдың шығыс бағытында жалғасын тауып, автодаліз бойына тағы 300 түп ағаш егілді және олар да қоршалған. Мұның барлығы ауылдың көркін келтірумен қатар, экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған. Сонымен бірге «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауыл аумағын тұрмыстық қалдықтан тазалау жұмысы тұрақты атқарылып келеді.



Ағашқа жан бітірген шебер

Ауыл шетінен ағаш кескен ара дауысы естілді. Бұл ұста Руслан Ержігітовтың еңбек мекені екен. Оның қолынан шыққан бұйымдардың түр-түрі көздің жауын алды. Ас бөлмесіне арналған әдемі үстелдер мен орындықтар, құрылысқа қажетті заттар, шарбақтар, тіпті үй жануарларына арналған ықшам әрі ыңғайлы үйшіктер. Әрбір ағаш бөлшегі шебердің қолынан өткенде бір өнер туындысына айналады.

– Қазір Қызылорда өңірлік инвестиция микроаржылық ұйымы арқылы жеңілдетілген несие алуға өтініш бердім. Қаржыны күтіп отырмын, – дейді ол ағаш жонып отырып. – Сол қаражатқа заманауи құрал-жабдықтар алып, кәсібімді кеңейтіп, өнім түрін көбейтсем деймін, – дейді шебер.

Руслан ұста үшін бұл тек күнкоріс емес, бала кезден жүрегіне ұялаған сүйікті ісі. Ол әр бұйымға жанын салады, себебі жақсы жасалған зат адамның қолтаңбасын, мінезін, тіпті өмірлік көзқарасын да көрсетеді.

Шеберханадағы әрбір жанғырық, араның дыбысы мен балғаның дүрсілі арманының орындалуына қарай аттаған қадам секілді.

Еңбегімен етінін жайқалтқан

Таңғы шықпен бірге көкөніс иісі Жанболат Құрмашевтің ауласынан сезіледі. Есігінің алдына еңселі жылыжай тұрғызып, жанын сала еңбек етіп, бүгінде жемісін көріп отыр. Әрбір ағасында ауыл аумағын тұрмыстық қалдықтан тазалау жұмысы тұрақты атқарылып келеді.



күндерінде ол жылыжай топырағын қопсытып, құнарын арттырудан бастайды. Кейін ұқыппен таңдалған ең жақсы деген тұқымды отырғызып, өз уақытымен суарып, ылғал мен жылу тепе-теңдігін қадағалап отырады. Алғашқы жасыл өскіндер көрінгенде, олардың әрқайсысына көңіл бөлінеді. «Бұлар да бала сияқты, мейірім мен күтімді талап етеді», – дейді Жанболат аға жылыжайға кіріп жатып.

Жанболат аға күн сайын жылыжай өнімдерімен таныстарын, ауыл тұрғындарын қамтамасыз етіп отыр.

– Қазір кәсіп жасаймын деген жастарға мүмкіндік көп. Тек жалқаулықты ысырып, әрқашан қозғалыста болу керек. Алдағы уақытта бұл кәсібімді дамытып, өнім көлемін арттырсам деймін, – дейді ол жаңа піскен қиярды жұлып алып жатып.

Жылыжай – тек табыс көзі ғана емес, сонымен бірге шыдамдылық пен жауапкершілікті қажет етеді. Жанболат ағаның еңбегі ауылдағы талай жастың ынтыасын оятары сөзсіз.



Ыстық нанның иісі

Ауылға кіре бергеннен-ақ ыстық нанның иісі баурап алды. Бұл Ләззат Сейтovanың шағын наубайханасының тынысы. Үкіметтің қолдауымен, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие алып, өз ісін бастаған ол биылғы жылдың қаңтар айынан бері ауыл тұрғындарын ғана емес, Тасбөгет кентін де нан және нан өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етіп келеді. Наубайхананың пеші газбен жұмыс істейді, бұл жұмыс барысын жеңілдетіп қана қоймай, өнімнің сапасына да сеп.

– Кәсіп бастауға мүмкіндік бар, тек ынта керек. Өз ісінді сүйсең, ол сені асырайды, – дейді ол күлімдеп. Бүгінде оның наубайханасы ауылдың берекесін арттырған, жұртты біріктірген шағын орталыққа айналғандай.

Италияндық дәм иесі Шахаридаханым

2025 жылы Шахаридаханым Батырханова жеңілдетілген «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында несие алып, көптен бері ойында жүрген арманын жүзеге асырған. Қажетті құрал-жабдықтарын алып, өз үйінің бір бұрышынан шағын цех ашқан. Қазір ол тек ауыл тұрғындарына ғана емес, қалаға да тәттілерін жеткізіп отыр.

– Алғашында аздап қорқыныш болды. Бірақ өзіме сеніп, тәуекел еттім. Қазір қаладан тапсырыс алып жүрмін. Жұмысымды жақсы көрген соң шаршамаймын, – дейді ол.

Шахаридаханым – италияндық круассан пісіреді. Француздар круассанды таңғы ас символы десе, италияндықтар оны «таңғы күннің құшағы» деп атайды екен.

– Келешекте ауылда ашылатын бизнес инкубаторға көшіп, қасыма көмекшілер алсам деймін. Кәсібімді кеңейтіп, ауылда да, қалада да сұранысқа ие болу – басты мақсатым, – дейді кәсіпкер. Бір кездері үйдің бір бұрышында басталған шағын кәсіп, енді үлкен цехқа айналар күн алыс емес.

Ауылында қартың болса...

Ауылға барған соң үлкен кісінің алдынан өтпей кете алмадым. Арнайы сәлем беріп, хал-жағдайың білу үшін Рахымбай атаның үйіне бардым. Қимылы ширақ, сөзі анық, жүріс-тұрысы байсалды кісі екен. Жүзіне қараған адам бірден-ақ елдің ықыласына бөленген, сыйлы қария екенін аңғарады. Сөйтіп, жөнімді айтып, емен-жарқын сөйлестік.

Өзі осы жерде туып өсіп, ғұмырын елге қызмет етуге арнаған. Жастайынан совхозда механизатор, тракторшы болған. Қазір зейнет демалысында болса да, қарап отырған жоқ. Қазір де ауылдық тәртіптік кеңестің мүшесі екен. Жастарға әрдайым ақылын айтып, ел бірлігін сақтап, болашағын нығайтуға елеулі үлес қосып келе жатқан қазыналы қария. Үйінің ауласы нағыз жасыл бақ екен.

– Мына жерде сәбіз, анау жерде қызанақ, шеткеріде жүтері. Аяқсудан мәселе жоқ, өзін көріп тұрғандай арық толып тұр. Сағасын өзім ашып, өзім жауып суарып аламын. Маған жақсы ермек. Немерелерім көкөнісін жеп өссін деп, қолынан келгенше бәрін жасап келемін, – дейді Рахымбай ақсақал.

Ақсақалмен ауылдың кешегі күндері мен бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы азды-көпті сөз қылдық. Рахымбай қария ауылдың жағдайы жақсы екенін айтып, риза көңілін білдірді.

– Газ келіп тұр, көшеміз жарық, аяқсуымыз келіп тұр. Ел тыныш, одан артық не керек, – деп алға тартты ол.

Қариямен қоштасып, батасын алып жолға шықтым. Артыма қалып бара жатқан ауыл тыныш тіршілігімен, жылы адамдарымен, берекелі еңбегімен менің жадымда қалды. Көңілде бір қимастық бар, бірақ қаладағы қарбалас күтіп тұр. Дегенмен қайда жүрсем де бұл ауылдың мейірімі мен иісі аңқыған топырағы есімінен кетпесі анық.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

ҚЫЗЫЛЖАРМА: ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН АУЫЛ

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

– Ауылдың іргесі сонау 1929 жылы қаланған. Ол кезде елді мекеннің атауы Комсомол болатын. Сол жылдары Сырдария өзенінің сағасынан ауылға қолдан канал қазып су жеткізген. Қазған жерден шыққан топырақ қып-қызыл болып үйіліп жатады екен. Содан болса керек, ауыл тұрғындары қолмен қазылған жарманы Қызылжарма деп атапты. Кейіннен оның бойында орналасқан ауылдық кеңес те осы атауды иемденген. Қазірде бұл атау ауылдың өткенін айшықтап, бүгінгі өркендеуіне куә болып тұрғандай, – деп әңгімесін бастады ауыл әкімі Шәріп Әбдірахманов.

Деректерге сүйенсек, 1950 жылға дейін Қызылжарма аумағында бірнеше ірі колхоз жұмыс істеген екен. Олардың қатарында Қарауылтөбе, Теренсай, Колос, Кооператор секілді ауылшаруашылық ұжымдары болған. Бұл кезеңде ауыл тіршілігі негізінен егін және мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғанын айтты ауыл әкімі. Ал 1961 жылдың наурыз айында қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында Комсомол совхозы құрылып, ауыл өмірінде жаңа бетбұрыс басталған. Одан кейін 1964 жылы Қызылжарма құс фабрикасы іске қосылып, ұзақ жылдар бойы облыс халқын құс еті мен жұмыртқамен қамтамасыз етіп келген. Ауыл тарихында манызды оқиғаның бірі ауылшаруашылық

Биылдың өзінде «Іскер» бағдарламасы арқылы «Аграрлық несие корпорациясы» 9 млн теңгенің екі жобасын қаржыландырған. Сонымен қатар «Қызылжарма» өңірлік инвестициялық орталығы да 9 млн теңгенің бір жобасына қолдау көрсеткен. Сондай-ақ 400 АЕК көлеміндегі мемлекеттік грантка 10 жоба ұсынылған. Бұл – жаңа бизнес-идеясы бар жастар мен әйелдер үшін үлкен мүмкіндік.

– Осындай қолдаудан кейін кәсіп бастауға тұрғындардың қызығушылығы да артып отыр. «Бизнес-Бастау» жобасы аясында 28 адам оқып, сертификат алды.

Бұл – кәсіпкерліктің әліппесі іспетті. Жастар да, үлкендер де қатысып жатыр. Сонымен қатар «Байқоныр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 14 млн теңгенің екі жобасы қаржыландырылып, іске қосылды, – дейді ауыл әкімі. Ауыл десе, көз алдымызға төрт түлік келетіні рас-ақ. Бүгін де бұл жақта мал бағып, табыс тапқан шаруа қожалықтары аз емес. – Ауылымызда жалпы 16 шаруа қожалығы тіркелген. Олардың барлығы дерлік тұрақты жұмыс жүргізіп отыр. Нақтырақ айтқанда, «Береке-Агро» қожалығы «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 27 млн теңгеге қолдау алып, мал шаруашылығын жолға қойды. Бір адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ал «Жұмысбаев-Агро» құжаттарын жинақтап, дәл осы бағдарлама бойынша қаржыландыруға ұсынылуда. Бізде асыл тұқымды мал шаруашылығы да назардан тыс қалған емес. Бұл бағытта да жұмыс жүріп жатыр. Мысалы, «Жұмабай» шаруа қожалығы 2019 жылы 84 бас асыл тұқымды мүйізді ірі қара алып, жұмысын бастап кеткен. Қазір мал басын көбейтіп отыр.



техникумының көшірілуі. 1971 жылы Қазалыдан арнайы көшірілген бұл оқу орны 1977 жылы совхозбен бірігіп, совхоз техникумға айналған. Алайда 1992 жылы ауылда агрофирма құрылғаннан кейін, техникум шаруашылықтан бөлініп шығып, өз бетінше жұмыс істей бастаған. Сөйтіп, 1997 жылы қаладағы бірнеше техникалық оқу орындары біріктіріліп, ауылдағы техникум облыс орталығына көшірілген.

– Ауылымызда ауыл шаруашылығы саласында тер төккен, елге еңбегімен танылған азаматтар аз болмаған. Мәселен, ауылдық кеңесті жиырма жыл басқарған, «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері Қалмақ Сексенбаев, атақты сауыншы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, бірнеше орден иегері Баян Піржанова апамыз, озат құс өсіруші Несібелі Ибраева, егінші әрі батыр ана Қатшагүл Аралабаева сынды тұлғалар бар. Олар ел есінде сақталған, құрметке лайық жандар. Бүгінде ауылымызда 9 мыңнан астам тұрғын бар. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға көтерілмесе, түскен емес, – дейді Шәріп Әбдірахманов.

Өрине, қалаға тиіп тұрған ауыл кімге ұнамасын. «Көгілдір отынмен» қоса, басқа да тіршілікке қажетті инфрақұрылымның бәрі қамтамасыз етілген. Оқу орны, мәдениет үйі, кітапхана, емхана, бірнеше балабақша бар. Сондай-ақ 600 орындық «Жайлы мектеп» құрылысы да өз кезегін күтіп тұр.

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ БАР

Бұл ауылда кәсіп бастаймын деген жаңа мүмкіндік те, қолдау да бар. Мемлекеттік бағдарлама бар, жеңілдетілген несие алуға ауыл әкімдігі мамандары көмектесуге дайын.

– Ауылымызда кәсіпкерлік саласы жылдан-жылға жанданып, ел экономикасының дамуына сеп беріп келеді. Кәсіп ашам, кәсібімді кеңейтем деген адамға мүмкіндік көп. 2025 жылдың алғашқы алты айында Қызылжарма ауылдық округінде 494 кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Оның ішінде 1 ЖШС, 475 жеке кәсіпкер, 16 шаруа қожалығы, 2 ауылшаруашылық өндірістік кооператив бар. Бұл дегеніміз ауыл тұрғындарының еңбекке деген ынтасы мен ізденісінің айқын көрінісі, – дейді Шәріп Әбдірахманов.

С о н ы м е н қатар Бабек Қалмырзаев есімді ауыл тұрғыны 2,5% жеңілдетілген несие алып, ешкі өсіру кәсібін жолға қойды. Табиғи ешкі сүті мен өнімдері қала мен ауыл тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие. Еркін Аманжолов деген азамат та «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы асыл тұқымды ірі қара алып, сүт өнімдерін елге ұсынып отыр, – дейді ауыл әкімі.

Иә, әкімнен кәсіпкерлік бағытында айтылған қолдаулар мен сандарды естідік, бірақтар жобалардың жүзеге асып жатқанынан да хабардар болдық. Енді соның бәрін жай сөзбен емес, іс жүзінде қалай жүзеге асып жатқанын көргіміз келді. Сол мақсатта, ауыл ішіндегі кәсіп иелерімен жүздестік.

Ауыл ішін аралап жүріп, елдің тыныс-тіршілігіне көз жүгірттік. Бірі үйінің ауласында шаруасын дөңгелетіп отыр, енді бірі бау-бақшасын баптап әурес. Әйтеуір, тіршілік бар, тірлік бар. Көше аралап келе жатқанда көзімізге «Таза» моншасы түсті. Сырты тап-таза, шап-шағын ғана, көз тартып тұр. Ауылда мұндай жайлы әрі жинақы нысанның болуы көңілге қуаныш ұялатты. Кәсіпті көзбен көрейік деп, ат басын бұрдық.

Ішке енген бойда бір жайлылық байқалды. Барлығы жинақы, атына заты сай екен, тап-таза. Қарапайым ғана, ұқыптылық, тазалық сезілді. Шыны керек, мұндай моншаны ауылдан көреміз деген ойымызда болмады.

– Монша салу туралы ой бұрыннан жоспарымда болды. 6% жеңілдетілген несие бар дегенді естігенде, мүмкіндік барын

білдім. Сөйтіп, 2023 жылы бағдарламаға қатысып, несие алдым. Сол қаражатты монша құрылысына жұмсадым, – дейді кәсіпкер Аида Ибраева. Қазір моншада 2 ортақ зал және 2 жеке кабина қарастырылған. Мұнда келушілер аз емес. Әсіресе демалыс күндері халықтың қарасы көбейді. Келген тұрғындар көрсетілген қызметке дән риза болып, алғысын айтып шығады екен. Бұл – еңбектің еленгені, халықтың көңілінен шыққан қызметтің айқын көрінісі. – Негізгі мамандығым – шапшартар. Бірақ ауылда халыққа ең қажетті деген қызмет түрін ашқым келді. Бізде монша аз, әсіресе қыс мезгілінде сұраныс жоғары. Осыны ескеріп, монша ашууды жөн көрдім. Алдағы уақытта шапшартар ашсам деген жоспарым да бар. Бастысы, халыққа пайдаң тиісін, қалғаны ретімен келеді, – дейді кәсіпкер.

Иә, халыққа қажет, сұранысқа ие кәсіптің ауылда жұмыс істеп тұрғаны қуантады. Қарапайым ауыл тұрғынының осындай істі қолға алып, ел игілігіне қызмет етіп жатқанына риза болдық. Ауыл ішінде тағы қандай кәсіп түрлері бар екен деген ниетпен келесі бағытқа бет алдық.

Ерекше дизайнмен жасалған ғимарат көзге түсті. Ақ пен қараның үйлесімі, геометриялық нақыштар мен ұлттық өрнек, бәрі бір-бірімен жарасып тұр. Мұндай көріністі үйдің ішінде емес, кіреберісінде көріп, шыны керек, таңданбай өте алмадық. Сапалы дүние көзге бірден түседі екен. Біз де қызығып, бұл жұмысты кім жасағанын, қалай жасалатынын сұрау үшін арнайы тоқтадық.

– 2023 жылдың қазан айында «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысып, жеңілдетілген несие алдым. Сол қаражаттың арқасында ғимаратты лінсары панелімен қаптауды бастап кеттім. Бұл панелілер тек сән үшін ғана емес, ғимараттың немесе тұрғын үйдің сыртқы бөліктерін қаптауға да өте ыңғайлы. Өздеріңіз көріп тұрғандай, сыртқы көрініс сән берді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы кәсіп істеймін деген адамға таптырмасы мүмкіндік. Шарттары да түсінікті, ыңғайлы. Ең бастысы, ниет пен қолдағы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек, – дейді кәсіп иесі Анар Бажакова.

Айта кету керек, кәсіпкер ауыл ішінде немесе облыс орталығында ғана емес, өз кәсібінің аясын кеңейтіп, басқа өңірлерге де қызмет көрсетіп келеді. Тапсырыс берушілердің арасында көрші аудан, тіпті өзге қала тұрғындары да бар. Бұл қызмет сапасын, халықтың сенімін білдіреді. Сұраныс артқан сайын жұмыс ауқымы да кеңейіп, ауыл шеберінің ісі өңірлік деңгейге шыққан.

– Былтыр Қарағанды облысы, Қарқаралы ауылдық округіне арнайы барып, сол жақтағы мәдениет үйінің сыртын панелімен қаптап қайттық. Бұл біз үшін жақсы тәжірибе болды. Басқа өңірде жұмыс істеу бір жағынан жауапкершілік, екінші жағынан сенім. Шүкір, тапсырыс берушілер жұмысымызға риза болды. Сол сапардан кейін өзімізге де сенім артып, кәсібімізді кеңейтуге деген ынта артты, – дейді Анар Бажакова.

Ауыл ішін аралап, кәсіпін дөңгелетіп



отырған

азаматтармен тілдестік, тіршіліктің қалай жүріп жатқанын көзбен

көрдік. Монша ашып, халыққа қызмет етіп отырғандар да, заманауи құрылыс панелілерін орнатып, ауылдың абыройын арттырып жүргендер де бар. Ең қуантатыны,

әр кәсіпкердің сөзінен сенімділік, ал ісінен жауапкершілік байқалды. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың, «Ауыл аманаты» секілді бағдарламалардың нәтиже беріп жатқанын осы сапардан анық байқадық. Ауылда жүріп, үлкен іске ұмтылған азаматтар ертеңгі ауылдың дамуына тірек болары сөзсіз.

Біз де ауыл өмірінің шынайы келбетін көріп, көтеріңкі көңілмен қалаға бет алдық. Көңілімізде ауылдың жылуы, жазғанымызда еңбекпен есімі шыққан адамдардың ізі қалды. Иә, еңбек етем деген адамға ауылда да мүмкіндік бар екеніне тағы бір мәрте көз жетті.



Егінге иек артқан

Қарауылтөбе

Қарауылтөбе егін шаруашылығымен ерекшеленген елді мекен. 68060 гектар жердің 5396,9 гектары ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылуы да бұл сөзімізді айғақтайды. Оның үстіне жері де құнарлы болғандықтан 1317,2 гектары егістікке арналған. Биыл 700 гектарға күріш, 124 гектарға ескі, 276 гектарға жаңа жоңышқа, 5 гектарға бидай, 10 гектарға арпа, 150 гектарға қант құмайы, 3 гектарға бақша өнімі егілікті. Жұмық арада бұл өнімдердің барлығы елдің қажетін өтейтін болады. Қарауылтөбе елді мекенінде болып жатқан басқа жүйелі жұмыс жайлы БАҚ өкілдеріне Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы К. Жүсіпов баян етті.

3000-ға жуық халқы бар Қарауылтөбе ауылында экономикалық белсенді халық саны –1304. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 402 болса, екі қолға бір күрек таппағаны – 24. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында 1 адам жастар тәжірибесімен, 18-і ақыл қоғамдық жұмысқа, 2-уі кәсіптік оқуға тартылған.

– Ауылдық округте 131 шағын кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді. 2025 жылдың II тоқсанында 6 кәсіпкерлік тіркеліп, 6 тұрақты жұмыс орны ашылды. «Бизнес-Бастау» бағдарламасымен 8 тұрғын оқу курсы аяқтап, қайтарымысыз грантка өтініш тапсырды. Биылғы II тоқсанда 3 жоба қаржыландырылды. «Байқоныр ӨӘК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 8,6 млн теңгені құрайтын 1 жоба, «Аграрлық Несие корпорациясы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасымен 16,8 млн теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылды. Ауылдықтардың әлеуетін арттыруға көмектесетін мүмкіндік екендігіне сенімдімін, – дейді К. Жүсіпов.

Инфрақұрылымды дамыту кез келген ауыл үшін өзекті. Қарауылтөбеде бұл мәселе шешімін табуда. Мәселен, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 1,9 млн теңгеге жаңа қоныс аумағындағы №4, №5 көше жарықтандырылған. Ал «Жарықтандыру» бағдарламасымен №7, №8, №9 көшеге 3,3 млн теңгеге жарық бағанасы орнатылып, ауыл іші самалай жарқыраған.

Балаларға базарлық есебінде С. Байсейітов көшесінің бойынан балалар ойын алаңы салынбақ. Бұл мақсатқа мердігер «Еділжан и Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарт жасалып, құрылысы қарқынды жүруде.

Ауылдық округте санитарлық тазалыққа да дөйекті көңіл бөлінген. Әкімдік 1 млн теңгеге ЖК «Бекішов» мекемесімен келісімшартқа отырып, ауыл ішін тазартуды қолға алған.

Ауылдық округтің әрбір көшесін электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін «Қызылжарма электр тарату тораптары» компаниясымен 10,5 млн теңгеге, жарық бағаналарына техникалық қызмет көрсету үшін 12,2 млн теңгеге «Инно Тех» ЖШС-мен келісімшартқа отырып, жыл көлемінде жұмыстар жүргізілмек.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА



Жаңа мектеп ел игілігіне берілмек

Қызылжарма – қалаға жақын орналасқан елді мекеннің бірі. Сол себепті жергілікті тұрғындардың көпшілігі ыңпақасын қаладан табады.

Ауылдық округтегі халық саны 9 мыңнан асады. Жұмыссыздық деңгейі 0,3 пайызды құрайды. Осы санға қарап-ақ жұмыс істеуге қабілетті тұрғын көбірек екенін байқауға болады. Салықтың қазанын ұлғайту бағытында да ілгерілеушілік бар. Жоспар 99,9% пайызға орындалған. Бұл туралы Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов БАҚ өкілдерімен өткен брифинг алаңында айтты.

Ауыл әкімінің айтуынша, елді мекеннің әлеуетін көтеретін кәсіпкерлік саласындағы жақсы нәтиже көңіл көншітеді. 2025 жылдың 6 айында 494 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Оның 1-і ЖШС, 475 жеке кәсіпкер, 16-ы шаруа қожалығы және 2 ауылшаруашылық өндірістік кооператив.

Мемлекеттік бағдарламаға қатысу белсенділігі жөнінен бірқатар жұмыс атқарылған. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Жұмыспен қамтудың 2021-2025 жылдарына арналған жол картасы» аясындағы «Іскер» бағдарламасымен 9 млн теңгенің 2 жобасы мақұлданып, қаражатын алған.

«Қызылжарма» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ЖШС арқылы 9 миллионның жобасы қаржыландырылған.

Сондай-ақ «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясындағы жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант бойынша 10 жоба жоспарланса, «Байқоныр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы 14 млн теңгені құрайтын 2 жоба қолдау тапқан. «Бизнес-Бастау» оқу курсына 28 адам оқып, сертификат алған. Өзге де бағдарламалар аясында 37 млн теңгені құрайтын 6 жоба қаржыландырылған.

Бүгінде әлеуметтің әлеуетін көтеру қоғамның басты қағидасына айналды. Бұл бағытта ауылда қайырымдылық шарасы тұрақты жүргізіледі. Мәселен, осы жылдың 6 айында қайырымдылық акциясы аз қамтылған, көпбалалы және жалғызбасты 50-ге жуық отбасына азық-түлік берілсе, 98 отбасына атауды әлеуметтік көмек тағайындалған.

Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ауылдық округтегі Сражадинов, Камалов, Нағызбеков, Ешимов көшелеріне жарық бағанасын орнатуға 9 млн 824 мың теңге қаржы бөлінген. Жөндеу тиянақты жүргізілуде. Көше бойына 5 млн теңгеге 4 аялдама орнатылған. Мұнан бөлек бағаналарды күтіп ұстауға тиісті қаржы бөлініп, жұмыс қызу жүруде.

Елді мекендердің тазалығын қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты талабы. «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауыл тазалығын сақтауда жүйелі жұмыс жүруде.

– Ауыл тұрғындарының басты мәселесі жолдың жайы болатын. Бұл түйін де біртіндеп шешімін табуда. Биыл автомобиль жолдарының ой-шұңқырын жөндеуге 800 мың теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға Қызылжарма ауылдық округіндегі «Тағзым» алаңын абаттандыруға 25 миллионнан астам қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілді. Бүгінде абаттандыру жұмысы жүргізілуде. Жергілікті бюджеттен қаралған 2 347 мың теңгеге орталық көшелерге аяғыдағы жөндеу және 2 787,6 мың теңгеге жол белгісі мен таңбасы салынуда. Бұдан бөлек, құрылыс бөлімі арқылы 3 ауысу ұңғамасын жүргізуге облыстық бюджеттен 282,9 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме құрылысын бастап кетті. Сонымен, бұл жоба жүзеге асқанда халық таза, сапалы ауызсудың игілігін көрмек. Оқушы саны көп болғандықтан №144 С. Әлжіков атындағы мектептің сыйымдылығы тарлық ететін. Енді «Жайлы мектеп» пайдалануға берілмек. Осылайша өзекті мәселе шешімін таппақ, – дейді ауылдық округ әкімі.

Ауыл халқы самаладай жарық көшелермен еркін жүретін күн де жақын. Шет аймақ пен ауыл орталығындағы 50 шақырымдық 67 көшені жарықтандыруға республикалық бюджеттен 350 миллион теңге бөлінді. Бүгінде «Сәт Сервис» ЖШС мекемесі электр бағаналарын орнатуда. Бұл мақсатқа 1 миллиардтан астам қаржы қаралған.

Осылайша қызылжармалықтар ауыл деген аты болмаса, қала орталығы көрген игіліктің бәрине ие болуда.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»



Отыз алтыншы қара сөз

Пайғамбарымыз салаллаһу Һалайһи уәсәләмнің хадис шариһінде айтыпты: «Мен лә хаяһүн уәлә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді, ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе?

Бір ұят бар – надандықтың ұяты: Жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шариятқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық.

Шын ұят сондай нәрсе: шариятқа теріс я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырмай, мына байғұсқа не болды, енді мұның өзі не болады» дегендей, бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзінді қысып, қызартып кетеді.

Біреуі сондай ұят, шариятқа теріс, я ақылға, я абиұрлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қателден, яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығынды бөтен кісі білмесе де, өз ақылық, өз нысабың өзінді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіне жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұятты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішңнен өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көзіңнің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласын. Көзін кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді. Мұндай қылыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яси оның үстіне тағы аймай өртеңдіріп сөз айтқан кісінің өзінен де адамшылығы жоқ, десе болар.

Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» – дейді. Я болмаса «жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзін де сүйтіп пе едің?» – дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе еді?» – деп, ұялтамын десең, жап-жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?!

№ 15 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ КӨШЕДІ НЕМЕСЕ «КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» ҚАНДАЙ?

№15 мектеп-лицейге балалар бесінші сыныптан бастап қабылданатын. Ал «Келешек мектебі» 1 сыныптан бастап оқушыларды қабылдайды. Дегенмен аталған мектеп-лицейде бұрынғыша 5 сыныптан бастап жаратылыстану бағытындағы тереңдетілген сыныптарымен оқытады. Атап айтқанда, 2025-2026 оқу жылына 26 мамырдан бастап қабылдау жүргізілуде. Бүгінгі таңда 110 оқушы тіркелген. Жылда 5-сыныпқа оқушыны «USTUDY» тестілеу орталығының ұйымдастыруымен конкурстық негізде іріктеу жүргізіліп, өз білімін дәлелдеген оқушыларды қабылдайтын. Биылғы 2025-2026 оқу жылына қабылданатын 5-сынып оқушылары да тестілеу орталықтары арқылы қабылданады.

– Оқушылардың жаңа мектепке көшуіне жағдай жасағанына қуанамыз. «Келешек мектебінде» мүмкіндіктер алаңы көп. Бұл – тек төрт қабырға мен шатыр емес. Бұл – бала арманына бастар жол. Мұнда кең әрі жарық сыныптар, заманауи зертханалар, кітапханалар мен жайлы спорт залдары, қауіпсіз ойын алаңдары бар. Мұндай мектеп баланың білімге құштарлығын оятады. Себебі бұл армандайтын ғана емес, сол армандар орындалатын орта. «Келешек

Басы 1-бетте

мектептері» – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған ұлттық ауқымдағы жоба. Ел үшін маңызы зор өзгерістердің бастауы, болашаққа жасалған нық қадам. Біз осындай үлкен білім ошағында оқушыларды қабылдайтынмызға қуаныштымыз. Барлық жағдай жасалған. Қазіргі таңда оқитын балаға мүмкіндік бар. Сондықтан осындай заманауи ғимаратта білім алатын оқушыларға сәттілік тілеймін. Білім мен ғылым дамыған заманда, ақпарат пен техниканы ұштастырып, балаға озық білім беру – уақыт талабы. Бұл жоба білім беру қажеттіліктерін ғана емес, сонымен қатар



балалардың қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін орта қалыптастырады деген сенімдемін, – деді Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейінің директоры Кабира Тілеуова.

Адам баласының тұлға болып қалыптасуына мектеп қабырғасында алатын тәрбие мен білімнің орны зор екені белгілі. Олай болса, «Келешек мектебінен» талай тұлға өсіп шығары сөзсіз. Осы жоба арқылы әрбір бала заманауи, жайлы әрі шабыттандыратын ортада білім алуға мүмкіндік бар.

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: ҚАНША ҚАРАЖАТ КЕРЕК?

Сонымен, бір баланы мектепке дайындау қанша болатынын орташа есеппен көрдік, нәтижесінде мектеп формасына 15 мың теңге, екі аяқ киім – 20 мың, спорттық киім – 15 мың, кеңселік тауар мен сөмке орта бағамен 15 мың теңгеге барады. Қорыта келгенде, орташа бағамен бір баланы мектепке дайындау үшін кемінде 70-90 мың теңге қаражат қажет. Ал көпбалалы отбасындағы шығынды есептегенде көпке түссері анық. Себебі үш-төрт баласы мектепке баратын отбасыларға біраз қаражат керек.

Осы орайда атап айтқан жөн, қазіргі уақытта онлайн тапсырыс арқылы баланың керек-жарағын түгендейтін ата-аналар да бар. Бұл көдімгідей көмек. Байқағанымыз ата-аналардың көбісі дүкендердің инстаграм парақшасын қарап, жеңілдікті қалт жібермей, сапалы киімдерді алуға тырысады.

– Кейбір дүкендермен салыстырғанда базар бағасы қымбат болып шығады. Одан жеңілдікке сатылып жатқан Түркия немесе Пекин өнімдерін алған тиімді. Қарапайым халық базарды арзан деп ойлайды. Негізі асықпай алуға уақыт болса, дүкендердегі жеңілдікті және онлайн тапсырыс арқылы алу тиімді деп ойлаймын. Өзім «Kaspi» дүкені арқылы мектеп құралдарын алып қойдым. Аяқ киімнің де сапалы түрін жеңілдікпен аламын, – дейді ата-ана Айдана Сайдуллақызы.

Иә, сауданың қызатын уақытында жеңілдік бағаны ұсынып жатқан дүкендер көп. Мәселен, «Bunyadi.hom» және «Kәусар-Жан» көтерме дүкендерін аралап шықтым. Атап айтсақ, «Bunyadi.hom» дүкенінде ұлдарға арналған костюм-шалбар 17 мыңнан басталады. Тіпті 24 мыңға арнайы мектеп формасынан ұлдарға жиынтық дайындап қойған. Ал спорттық аяқ киімнің бағасы 3000 теңгеден жеңілдікпен сатылуда. «Kәусар-Жан» көтерме дүкенінде костюм-шалбар 10 000 теңгеден сатылымда. Екі дүкенде де адам көп. Бір ананың қасында 2-3 баладан еріп жүр.

– Осымен төртінші жыл қатарынан дүкенімізде «Мектепке жол» акциясын жасаймыз. Қыз және ұл балаларға арналған мектеп формаларын бізден 10-15 мың теңгеге алуға болады. Жемпірлер 3000 теңгеден басталады. Спорттық киімдер 4500 теңгеден сатылды. Бұлар Пекин өнімдері. Сөмке де 4-5 мың теңге аралығында сатылып, өтіп кетті. Халықтың алғысын алып, алға жылжудамыз. Мектеп формасын жеңілдікпен сату жыл сайын үрдіске айналды. Бізді күтетін тұрақты тұтынушылар бар. Инстаграм парақшаға салғаннан бастап, халық тез алып кетеді. Тіпті онлайн тапсырысты қабылдауға мүмкіндік болмады. Пекин, Түркия өнімдерін арзан бағада ұсынудамыз. Себебі біз тікелей сауда жасаймыз. Сондықтан халықтың қалтасына тиімді бағамен сатамыз. Барлық киімді көтерме бағада

Басы 1-бетте



ұсынамыз, – дейді «Kәусар-Жан» дүкенінің иесі Шолпан Мендібаева.

ЖӨРМЕНКЕ ЖЕҢІЛДІК ПЕ?

Жұрттар жарыса жарнамалап жатқан жөрменкеге бардым. Жыл сайын жаңа оқу жылы басталар алдында дәстүрлі түрде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылады. Осы акция аясында қаламыздағы жергілікті тауар өндірушілер А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің жанында мектеп жөрменкесі өтуде. Жөрменкеде мектеп тауарлары мен оқу құралдары қалтаға қонымды бағада сатылуда. Мектеп формасын «Саңыраулар оқу-өндірістік кәсіпорны» тігін цехы ұсынуда.

– Әрбір жаңа оқу жылы оқушылар үшін үлкен мереке. Осы мерекеде балалардың көзінен қуанышты көргіміз келеді. Мұнда жергілікті тауар өндірушілер өнімдерді төмен бағада сатуда. Қарапайым халық келіп алуға. Бүлдіршіндерді мектепке қажетті заттармен қамтамасыз етуде осындай шарапатты іс жасағымыз келеді. Мектеп формаларын, арнайы киімдер тігіміз. Тігін цехымыз 20-дан аса тігінші бар. Бірнеше жылдан

бері жөрменкеге мектеп киімдерін шығарамыз. Бастауыш сынып оқушыларына ақ жейде, костюм-шалбар тігіміз. Ақ жейделер 2000 теңгеден басталады. Шалбар да 2000-нан басталады. Жеке костюм 6000-8000 аралығында. Халық өзінің шамасына қарай алады. Әр мектептегі көпбалалы отбасыға тегін мектеп формасын беріп те көмектесемін, – деді «Саңыраулар оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС директоры Орынкүл Оразбаева.

Иә, әркім көрпесіне қарай көсіледі. Қазіргі уақытта көпбалалы отбасылар үшін жөрменке мектепке дайындықтың жәрдемшісі болып тұр.

ТАЛҒАМЫ БӨЛЕК, ТАҢДАУЫ БАСҚА

Мектепке дайындық кезінде өзіміздің оқушы кезімізді еске аламыз. Рас, біз екі жыл сайын бір рет оқу формасын алатын едік. Ал спорттық киім алмайтын да едік. Қазір балалар жыл сайын жаңа киім киеді. Киімдері демде тарылып қалады. Тарылмаса да, ескіні немесе бауырынан қалған киімді «әкемім» деп тұрған бала жоқ.

– Қазіргі балалардың таңдауы бөлек. Әр баланы бөлек-бөлек ертіп апарып киіндіру қажет. Кейде киімдер

сөйкес келмей қалып жатады. Есейген сайын керек-жарағы көбейеді. Тіпті телефон да керек. Мектепте бір-біріне еліктейді. Заманына қарайғы, қатарынан қалғысы келмейді. Ата-аналар соған орай әрекет жасайды. Көпбалалы отбасымыз, 6 баламыз бар, 4-уі мектепке барады. Мектепке дайындықты тамыз айынан бастадық. Бір қызға 100 мың теңге жұмсалды. Өлі түгел дайын емес. Мектептен алатын көмекке де құжат тапсырып қойдым. Мемлекет беріп жатқан мүмкіндікке рахмет айтамын. Ол да үлкен көмек, – дейді Тасбөгет кентінің тұрғыны, көпбалалы ана Гауһар Ибрагимова.

Осы орайда, бұрын бір-бірімізден қалған киімді киіп жүретін едік деген ой келеді. Ал қазіргі балаларда ондай түсінік жоқ. Барлығы қатардан қалғысы келмейді. Одан бөлек, киім бір жылда тозып қалады. Сапасыз болғандықтан шығар. Баланы бағып-қағу, киіндіру әрбір ата-ананың міндеті. Сондықтан әр баланың қалауын орындап, шамасы келгенше мектепке дайындап жүр. Базарда баласын ерткен ананың бір ғана ниеті бар – қатардан қалмау. Қымбатшылықтың әсерінен қалтасындағы бар ақшаға бала алдындағы парызын орындаймын деп те жүр. Кейбірі несиеге алып жатыр. Амаз жок...

Бетті дайырдаған
Айтолқын АЙТЖАҢОВА

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1386

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА